

Evaluation Warning : The document was created with Spire.Doc for .NET.

Evaluation Warning : The document was created with Spire.Doc for .NET.

**ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ
ТАБИҒИ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ
ТАБИҒАТ ПАЙДАЛАНУДЫ
РЕТТЕУ БАСҚАРМАСЫ**



**УПРАВЛЕНИЕ ПРИРОДНЫХ
РЕСУРСОВ И РЕГУЛИРОВАНИЯ
ПРИРОДОПОЛЬЗОВАНИЯ
АКИМАТА
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ**

080012, Тараз қаласы, Абай даңғылы, 133 а
тел.: 8 (7262) 45-15-03, факс: 8 (7262) 45-44-15
E-mail: dpr_taraz@mail.ru

080012, город Тараз, проспект Абая, 133 а
тел.: 8 (7262) 45-15-03, факс: 8 (7262) 45-44-15
E-mail: dpr_taraz@mail.ru

**«Энергия» «Қазақстан
ғылыми – зерттеу және
жобалау-іздеу
жылу-энергетикалық жүйе
институты» АҚ-на**

Мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы

«Жамбыл облысы Бурное алаңшасында қуаты 50МВт күн электрлік стансасы» (ТЭН) техникалық экономикалық негіздемесіне «Қоршаған ортаға әсерді алдын ала бағалау» жобасы.
(жобаның құжаттың атауы)

Материалдарды әзірлеген: «Энергия» «ҚҒЗЖІЖЭЖ» АҚ.
(жобалық әзірлеуші-ұйым атауы)

Жоба материалдарын тапсырушы: «Энергия» «ҚҒЗЖІЖЭЖ» АҚ, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Абылайхан көшесі, № 58.

(тапсырысшы-ұйымның толық атауы, мекен-жайы)

Мемлекеттік экологиялық сараптаманың қарастыруына ұсынылды: «Жамбыл облысы Бурное алаңшасында қуаты 50МВт күн электрлік стансасы» (ТЭН) техникалық экономикалық негіздемесіне «Қоршаған ортаға әсерді алдын ала бағалау» жобасы. Жамбыл облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің 04.05.2014 жылғы № 81 санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы, «Экспресс» газетінің 7.05.2014 жылғы № 79 нөмірінде жарияланған хабарландыру.

(жобалық құжаттаманың атауы, ұсынылған құжаттардың комплектілігін, өзге құжаттарды атап шығу)

Материалдардың қарастыруға келіп түскен күні 30.05.2014 ж., № 2410.

(кірістің тіркелу күні, нөмірі)

Жалпы мағлұматтар

Жамбыл облысы Бурное алаңшасында қуаты 50МВт күн электрлік стансасы» (ТЭН) техникалық экономикалық негіздемесі «Қоршаған ортаға әсерді алдын - ала бағалау» жобасы 9.01.2007 жылғы ҚР Экологиялық кодексінің 6 тарауына сәйкес жүргізілген. ТЭН-нің әзірлену мақсаты: Күннің жарық сәулесін фотоэлектрлік тәсілдің (ФЭМ) күшімен баламалы экологиялық таза электр қуатына айналдыру және қуаты 50МВт күн электрлік стансасын салып электрэнергиясын қолданысқа енгізу. Жобадағы күн электр стансасының қуатының күші жылдың жылы мерзімдерінде мамыр-тамыз айлары аралығында басымырақ. Өндірілген электр энергиясы модельдік тәртіппен электр жүйелерінде қолданылады.

Жамбыл облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің 04.05.2014 жылғы № 81 санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысына сәйкес нысанның санитарлық қорғау аумағы құрылыс мерзімінде белгіленбейді, 5 қауіптілік сыныбына,

экологиялық IV санатқа жатады. Пайдалану мерзімінде 220 кВ жоғарғы кернеулі желісті горизонтальды трассаның екі жағынан 20 метрден санитарлық арақшықтық сақталуы керек.

Қоршаған ортаға әсерді алдын ала бағалау

Күн электр стансасы Жуалы ауданында Нұрлыкент тұрғын аумағының солтүстік тұсында 2,7 шақырымда орналасқан. Құрылыс мерзімі 9 ай. Құрылысқа 200 жұмысшы жұмылдырылады. Құрылыс мерзімінде атмосфераға ластаушы заттарды шығаратын құрылыс техникаларының қазу, арту жұмыстары, дәнекерлеу, арматура кесу цехы, сырлау, гидрооқшаулау, битум қыздыру, битум жағу жұмыстарынан барлығы 12 ластаушы көздерден 4,810 г/сек, 2,180 тонна көлемде ластаушы заттар бөлінуі мүмкін.

Пайдалану мерзімінде стансаның жұмысын басқару автоматтандырылған болғандықтан атмосфераға ластаушы көздер болмайды, нысан электрмен жылытылады.

Сумен жабдықтау

Нысан құрылыс мерзімінде техникалық және шаруашылық-тұрмыстық сулармен тасымалдау арқылы қамтамасыз етіледі. Пайдаланылатын судың көлемі 1,1745 мың текше метр.

Нысанның құрылысы мерзіміндегі шаруашылық-тұрмыстық сарқынды сулары 1,1158 мың текше метр контейнерлік су жинағыштарға төгіліп тазалау орындарына шығарылады.

Нысан пайдалану мерзімінде шаруашылық-тұрмыстық орталықтандырылған сумен қамтамасыз етіледі. Пайдаланылатын судың көлемі 0,036502 мың текше метр оның: 0,025112 мың текше метр шаруашылық-тұрмысқа, 0,01139 мың текше метр нысан аумағын суғаруға пайдаланылады.

Нысанның пайдалану мерзіміндегі шаруашылық-тұрмыстық сарқынды сулары 0,025112 мың текше метр орталықтандырылған сарқынды сулар жүйесіне төгіліледі.

Тұрмыстық қатты қалдықтар

Құрылыс мерзімінде жиналатын 93 тонн тұрмыстық-қатты қалдықтар, 1,2 тонн құрылыс қоқыстары, 0,00235 тонн ластанған шүберектер, 0,059 тонн электрод тұқылдары, 0,258 тонн лак-сырдан босаған ыдыстар герметикалық контейнерлерге сақталып арнайы кәсіпорындарға өткізіледі.

Пайдалану мерзімінде жиналатын 2,48 тонн тұрмыстық-қатты қалдықтар, 42 дана люминисценттік шамдар, 6,012 тонн сыпырынды герметикалық контейнерлерге сақталып арнайы кәсіпорындарға өткізіледі.

Қорытынды

Нысанның құрылысы және пайдалану мерзімдерінде пайдаланылатын техникалар мен технологиялар экологиялық нормаларға сәйкес орындалған жағдайда нысан құрылысы және пайдалануының қоршаған ортаға апаттық жағдайлар, экологиялық қатер мүмкіндігі мен ықтималдығы жоқ. Жобаның «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімін әзірлеу барысында нысан құрылысы және пайдалану мерзіміне атмосфералық ауаны қорғау іс-шараларын ескеру керек.

Жоғарыда көрсетілгеннің негізінде, «Жамбыл облысы Бурное алаңшасында қуаты 50МВт күн электрлік стансасы» (ТЭН) техникалық экономикалық негіздемесіне «Қоршаған ортаға әсерді алдын ала бағалау» жобасы келісіледі.

Орын.бас маман Испамбетова Г.
Тел. 43-68-08

**Басқарманың экологиялық
сараптама бөлімшесінің басшысы**

Сапарбаева Гаухар Кененбаевна

